

Қаражон шағын жинақталған жалпы орта мектебі

Ата-аналар жиналышының

Хаттамасы № 1

Қаражон ауылы

24.09.2021 жылы

Катысқандар: 130

1-11 сынып оқушыларының ата- аналары, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, мектеп психологы, мектеп медбикесі.

Тақырыбы: «Отбасы тәрбиесі – қоғам негізінің бастауы»

Күн тәртібінде:

1. Жаңа 2021-2022 оку жылынң басталуы.
- а) Мектептің жылдық жоспарымен таныстыру
- б) Ата –ананың бала алдындағы міндепті
2. Баяндама: «**Отбасы тәрбиесі – қоғам негізінің бастауы**»
3. Ата –аналар комитетін сайлау.
4. Көмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмау және оның алдын алу.
5. «Баланың оқу іс - әрекетіне көмек» (психологиялық тренинг)
6. Жолдарда қауіпсіздікті сақтайық (*ана - аналарға ескерту*)
7. Әр түрлі мәселелер

Тындалды:

I. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры С. Шокаманов сөз алды: Жаңа 2021-2022 оку жылында атқарылған жұмыстарға талдау жасап өтті. Тәртіп бұзудың алдын алу жұмыстары – ата-аналар қауымдастырымен жұмысты дұрыс жолға койғанда ғана нәтижесін беретіні анық. Осыған орай өткен оқу жылында мектебіміздің тәрбие орталығы ата-аналармен жоспарға сай жүйелі жұмыс жүргізді.

2021-2022 оқу жылына арналған мақсат міндептерге тоқталып өтті.

1. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірме жұмыстарын жандандыру. 2. Тәрбие сағаттарының мазмұнын, формасын өзгерту. 3. Тәртіп бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі құқықтық білім беру жұмысы жандандырылсын. 4. Сынып жетекшілер тарапынан тәртібі қын балалармен мектеп психологтармен біріге отырып, жұмыс жүргізсін. 5. Ата- аналармен бала тәрбиесіндегі проблемалар іс-шараларға байланысты жұмыс түрін бірлесе отырып жүргізу керек екендігін, ата –ананың бала алдындағы міндептін айтып өтті.

II. ДТІЖО Т. Үсенов «Отбасы тәрбиесі – қоғам негізінің бастауы» тақырыбында баяндама оқыды: Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіреле, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мұдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты.

Ерте кезде балалар оқыса да, оқымаса да дін талап еткен тұрмыс ережесін білуге, орындауға тиісті болған. Ғасырлар бойы қалыптасқан, халық дәстүрлері мен салттары болған, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы: қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім ғұрт өруі дұрыс па, оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе? дейтін жайларды жіктеген. Ал, қазіргі кезде қыздарымыздың кіндігін көрсетіп жүруі, жарасын-жараспасын киімдерді киюі, өміріміздің бір бөлшегіне айналғанын жасыра алмаймыз. Баланың жақсы адам болуы тек ғана өмірдің ағымынан қалмай киіну ғана емес, ең негізгі өмірден өз орнын таба алатын азамат ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатады деп сөзін аяқтады.

III. Ата-аналар комитеті құрамын қайта сайлау жөнінде төраға С. Жұмаханов ата-аналарға ұсыныс жасады. Ата-аналардың бірауыздан шешімі бойынша төмендегіше комитет құрамы ұсынылды:

Ата-аналар комитетінің төрағасы:

1. *Жұмаханов Сайлаубек*

Ата-аналар комитетінің мүшелері:

2. *Талдыбаева Жанар – хатшы*

3. *Төлбасиев Тасболат – мүшесі*

4. *Темірханова Талшагул – мүшесі*

5. *Төлбасиева Нәзігүл – мүшесі*

6. *Жұмаханов Оралхан - мүшесі*

IV. Участелік полиция инспекторы Д. Әшімбеков кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмау және оның алдын алу бағытында жасалып жатқан жұмыстарға тоқталып, қылмыстың алу жөнінде кеңестер берді және жаңа оқу жылының басынан бастап ата- аналарға балаларың құқық бұзушылық іс әрекеттерге жол бермеуін, мектепке кешікпей келуін,

сабактан себепсіз қалмауын және ұялы телефон ұстамауын, түн мезгізінде көшеге шығармауын ескертті.

Y. Мектеп психологы А. Жаңылбекова ата-аналармен психологиялық тренинг жүргізді: Сәтті күн болсын, күрметті ата - аналар!

Ата - аналар үшін "Баланың оку іс - әрекетіне көмек беру"

1. Баланың сабағын жеңілдететін жағдай жасауға тырысының, тұрмыстық – жақсы тамақтану, тұрақты режим, толыққанды үйқы, жайлы тұрмыстық жағдай, сабак окуға жайлы және ыңғайлы орын; эмоционалдық – баланың мүмкіндігіне сенімділік артының, табысты орындаудың үміт күтіңіз, кішкене жетістігі болса да, қуанышының білдірініз, баланың окуына төзімділік, мейірімділік танытының, бала үлгермей жатсақатты сөйлеменіз; мәдени – баланыңды анықтамалармен, сөздіктермен, атластармен, бейнетаспалармен, мектептің оку бағдарламасына сәйкес кітапшалармен қамтамасыз етіңіз.

2. Өз баланыңды тыңданың: ол жаттауға, есте сақтауға берген тапсырманы айтып шықсын, жазуға берген мәтінді бөліп-бөліп, асықпай оқының, окулықтағы сұрақтар бойынша сұраның т.с.с.

3. Өзініздің бала кезініздегі жетістіктеріңіз туралы айтып, білімдеріңізben бөлісіңіз.

4. Ата-ананың назарында баланың бағасы ғана емес, білім болу керектігін есте ұстаның. Соңдықтан да баланың болашағы туралы ойлап, алған білімінің қай кезде, не үшін қажеттілігін түсіндіріңіз. Баланың окуға белсенділігін тудыратын отбасылық дәстүрлер мен әдептер құрының,

5. Баланың бос уақытын құр қалдырмай, оны мазмұнды әрі, пайдалы етіп өткізуге көмектесіңіз.

6. Баланыңды оку үлгеріміне қарамай, жақсы көретініңізді сездіріңіз.

7. Баланыңды жан-жақты бақылау үшін және мүмкін көмектер көрсету үшін әрдайым баланыңдың қатысатын үйірмелерінің, факультативтерінің, қосымша сабактарының, сабак кестесімен танысының. т.б.

YI. Участекелік полиция инспекторы Д. Әшімбеков күн тәртібіндегі мәселе жолда, көшедегі қауіпсіздікті сақтау, алдын алу көмелетке толмаған оқушы балалардың көлік жүргізуіне тыйым салу, қадағалау жөнінде ана - аналарға ескерту жасады.

Жоғарыда айтылған мәселелерді, ұсыныс-пікірлерді қорытындылай келе, төмендегідей шешім қабылданды.

Шешім:

1. Жаңа 2021-2022 оку жылына қойылған мақсат- міндеттер назарға алынын.

2. Ата-ана отбасылық тәрбиеге көніл аударсын.
3. Ата-аналар комитеті төмендегі құрамда бекітілсін:

Ата-аналар комитетінің төрағасы:

1. Жұмаханов Сайлаубек

Ата-аналар комитетінің мүшелері:

2. Талдыбаева Жанар – хатшы

3. Төлбасиев Тасболат – мүшесі

4. Темірханова Талшагул – мүшесі

5. Төлбасиева Нәзігүл – мүшесі

6. Жұмаханов Оралхан - мүшесі

4. Оқушылар сабактан себепсіз калмауын, көшедегі қауіпсіздігі, кешікпеуі, қымбат бұйымдар, ұялы телефон әкелмеуі ата- аналар тарапынан қатаң қадағалансын.

Жиналыс төрағасы.
Мектеп директоры



С. Нұрғазы
Шокаманов
Талдыбаева

Жұмаханов С.
Шокаманов С.
Талдыбаева Ж.

Қаражон шағын жинақталған жалпы орта мектебі
Жалпы ата-аналар жиналышының
Хаттамасы № 2

Қаражон ауылы

Өтілген күні: 21 қаңтар 2022 жыл

Уақыты: Сағ. 15.00-де

Катысқандар: мектеп әкімшілігі, участекелік инспектор, сынып жетекшілері ата-аналар, ауыл ақсақалдары, қамқоршылық кеңестің мүшелері, мектеп медбикесі. (67 адам)

Тақырыбы: «Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық»

Күн тәртібінде:

1.Баяндама: «Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық»

ДТІЖО Т. Усенов

2.2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығында жүргізілгөн оқу – тәрбие жұмыстарының (I,II тоқсан) қорытындылары.

a) *Оқушылардың сабак үлгерімі*

b) *Оқушылардың сабактан себепсіз қалғаны ОИЖО Ж. Омарбеков*

3.Күкүқ бұзушылықтың алдын алу

a)«Заң бұзушылық неге әкеліп согады?» Участекелік инспектор Д. Әшилбеков

4.«Дені сау ұрпақ –ел болашағы» «Қамқорлық» акциясы ӘП Н. Ниязбеков

5. «Салауатты ұрпақ-біздің болашағымыз» (дәрігерлік кеңес).

Медбике А. Боранбаева

6.Әр түрлі мәселелер

Тындалды:

Жиналышты ата-аналар комитеті төрағасы ашып, кезекті күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша баяндамаға берді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Усенов «Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық» тақырыбында баяндама оқыды.

Т. Усенов: Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің күралы болып келеді. Сондықтан ол адам үшін ең үлкен мәнге ие орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

Отбасы- оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одактасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы

түсінеді. Өйткені бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді.

Отбасы тәрбиесі-бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы екедігін айрықша атап өтті.

Ата-аналар комитеті тәрағасы С. Жұмаханов сөйлемеді. Ол ата-аналарды 2020-2021 оқу жылдарының I жарты жылдығындағы атқарылған жұмыстар есебімен таныстыруды. “Жалпы ата-аналар жиналысынан бастап, ата-аналар комитеті оқушылардың ҰБТ, кешенді тестке дайындық жұмыстарына тәрбие саласындағы ән-күй, өнер, сурет байқауларына, спорттық жарыстарға, мерекелік іс-шараларға, көрермен, жанкүйер, тікелей қатысушы ретінде қатысып жүргендігін, шама-шарықтарынша қолдау көрсетіп жатқандығын айтты.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Омарбеков сөз алғып, 2021-2022 оқу жылдарының I жарты жылдығында оқу-тәрбие саласында бір қатар жұмыстар атқарылғаның айтып өтті. Мектеп бойынша оқушылардың білім сапасы, сыныптар бойынша ілгерілеу, кейбір кемшіліктерге тоқталды. Олимпиада көрсеткіштері мен 4,9 және 11 сыныптар бойынша алынған сынамалы тест қорытындыларымен таныстыруды. Оқушылардың сабакқа қатысу пайызын атап өтті.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Участекелік инспектор Д. Әшімбеков баяндама жасады Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты ауданда атқарылышп жатқан жұмыстарға тоқталды. Қаламызда жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында прокуратура, ішкі істер, сыннып жетекшілер мен ата-аналардың қатысуымен «Тұнгі қаладағы бала», «Жасөспірім», «Жазғы демалыс», «Бала және отбасы» бірлескен профилактикалық рейдтері жүргізілуде. Қазіргі таңда ішкі істер органдарымен бірлесе отырып балаларға қатысты қатыгез қарым-қатынас пен зорлық-зомбылықтың алдын алу, «Тұнгі қаладағы бала» профилактикалық рейдтерді өткізу, жасөспірімдер мен балалар арасындағы қайғылы жағдайлардың алдын алу бойынша іс-қимыл жоспарлары жүзеге асырылуда. Дегенмен де, алдын алу бойынша атқарылышп жатқан жұмыстарға қарамастан, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың орын алуына итермелейтін бірқатар себептер де бар екендігі туралы айтып өтті.

Оқушылардың сабак кезінде жұма намаз, айт намаз сияқты шараларға қатысуға рұқсат жоқ екендігі қатаң ескертілді. Мектеп мұғалімдері оқушылар арасында діни киім киетіні жоқ екені және осы жерде мектеп оқушыларының формасы туралы сөз болды. Мектеп оқушылары мектеп формасымен қамтылғандығы, өз дәрежесінде екендігі айтылды.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім қорының жаратылуы бойынша тұрмысы төмен оқушыларға мемлекет тарапынан және қоғамдық үйымдар, демеушілер тарапынан көмектің көрсетілуі бойынша Н. Ниязбеков мағлұмат берді. «Жалпыға бірдеймбілім беру қоры» есебінен 25.08.2021 ж. 1390150 теңгелік киім-кешек және оқу құралдары берілді. Берілген киім-кешек және оқу құралдары осы мекепте оқытын аз қамтамасыз етілген, көп балалы, жетім, жартылай жетім отбасынан шыққан балаларға берілді. Бірінші кезекте оқулықпен жағдайы төмен, аз қамтамасыз етілген отбасылардың балалары қамтылатынын ескеrtіp айтты. Мектеп мұғалімдері мен демеушілер тарапынан 7 окушы тегін мектеп формасымен қамтылды.

Медбике А. Боранбаева «Салауатты ұрпақ-біздің болашағымыз» тақырыбында ата-аналарға дәрігерлік кеңес берді.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда ҳалықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сұру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр.

Салауаттылық - ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дene және жан тазалығын сақтау, тіпті қарапайым түрде айтсақ адамның киім киісі, тамақты қалыппен ішуі де кіретін игі іс-әрекет. Өмір зандылығы салауатсыздықты кешірмейді, оғаш қылыштар түбінде опық жегізеді.

Жасөспірімдердің салауаттылық өмірге ұмтылышы, зиянды әдеттерді жек көрушілігі олардың өзге адамдармен қарым-қатынасына яғни әлеуметтік ортаға тығыз байланысты. Ұрпақты өмір зандылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу мектеп жүйесі жүктеген маңызды да жауапкершілігі мол міндет болып табылады.

Жарыссе: ата-аналар комитетінің төрағасы С. Жұмаханов, ата-аналар А. Есіркепов, А. Шотаев, Ұ. Нармұхамедова, Л. Өтебаевалар шығып, күн тәртібіндегі мәселелер турасында өз ой-пікірлерін, ұсыныстарын ортаға салды.

Ата-аналар жиналысында қойылған мәселелерді қорытындылай келе мектеп директоры С.Шокеманов әрбір баланың өз отбасында жастайынан алған тәрбиесінің жемісі жақсы нәтижелі болатынын, отбасы мен мектеп әрқашан тығыз байланыста болу керектігін ұқтырды.

Қаулы:

1. 2020-2021 оқу жылының I жарты жылдығында атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Жаңа оқу жылында ББЖМ, ҰБТ және сыныптар бойынша кешенді тесттің қорытындысы бойынша жұмыстар атқару мектеп

директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Омарбековке жүктелсін.

3. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстарды участекелік полиция қызметкерімен бірлес отырып атқару, жалғастыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Усеновке, психолог А. Жаңылбековаларға, ал әлеуметтік топтағы балалармен жұмыстар жүргізу социолог Н. Ниязбековке, мектеп тазалығын қадағалау медбике А. Боранбаеваларға тапсырылсын.
4. Мектепке окушылардың класикалық үлгідегі формамен келуін, ұялы телефон әкелмеуін, мектеп ережелерін сақтауға ықпал жасау әр ата-анаға міндеттелсін.

Мектеп директоры:

Ата-аналар комитетінің төрағасы:



Ж. Шокаманов
С. Жұмаханов
Ж. Талдыбаева

САУРАН АУДАНЫ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ
ҚАРАЖОН ШАФЫН ЖИНАҚТАЛҒАН ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК МЕКЕМЕСІ

БАЯНДАМА

Такырыбы:
«Отбасы тәрбиесі- қоғам негізінің бастауы»

Дайындаған: ДТІЖО Т. Үсенов

Қаражон ауылы

«Отбасы тәрбиесі- қоғам негізінің бастауы»

Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіреле, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» гой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мұдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты.

Ерте кезде балалар оқыса да, оқымаса да дін талап еткен тұрмыс ережесін білуге, орындауға тиісті болған. Ғасырлар бойы қалыптасқан, халық дәстүрлері мен салттары болған, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы: қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім етіп өруи дұрыс па, оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе? дейтін жайларды жіктеген. Ал, қазіргі кезде қыздарымыздың кіндігін көрсетіп жүруі, жарасын-жараспасын киімдерді киоі, өміріміздің бір бөлшегіне айналғанын жасыра алмаймыз. Баланың жақсы адам болуы тек ғана өмірдің ағымынан қалмай киіну ғана емес, ең негізгісі өмірден өз орнын таба алатын азамат ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатады.

Ұрпақ – болашақ, яғни ол адамзаттың болашағы, ал отбасы кішкене мемлекет. Отбасында ынтымақ болмауынан, ерлі-зайыптылар арасындағы алауыздықтан, бірінің сөзін екіншісі тыңдамауы, бала тәрбиесін тым қынданып жібереді сондықтан ата-ана беделден, тіл алғызу ықпалынан айырылады. Кей ата-аналар өздерінің міндеттерін тек балалардың қарнын ашырмау, киімдерін бүтіндеу деп те ойлайды. Балаларының білімін мектепте алған бағаларымен ғана бағалайды. «2» алса жаман, «5» алса жақсы. Оқу жылы ішінде бірде-бір рет балаларының сабағына қатыспайтын ата-ана, баласы бұзық болса, тәртіпсіз болса ұстаздар қауымына тіл тигізіп, қаралап жататын кездері де аз болмайды. Міне, сондықтан отбасындағы білім беру бағытындағы тәрбиесі жайына қалады. Отбасының аса маңызды міндеттерінің бірі-баланы жарқын істерге, нұрлы мұраттарға тәрбиелеу екендігін естен шығарып алған қаншама ата-ана бар десеңізші. Халқымыздың «Баланды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа дейін құлындаі жұмса, одан соң өзіңе ақылшы дос сана» деген өмірлік қағидасы емес пе?! Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы, ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы ата-анасы» демекші отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет солай қалыптасады. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, есі кіріп,

тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс шолжандатпай, байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп баулу ата-ананың басты міндеттерінің бірі.

Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін факторлардан ата-ана әрқашан аулақ болуы керек. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше. «Қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Ұл туса елдің қорғаны, Қыз туса елдің көркі» деп халқымыз бекер айтпаған шығар. Мұның бәрі әке-шешенің бала тәрбиелеудегі өздерінің үлгі-өнегесіне де тікелей байланысты болмақ.

Ата-бабамыз отбасы тәрбиесінде еңбекке де көп мән беріп, ол туралы да өзіндік ойларды қалдырған. «Өзің үшін еңбек қылсан, өзі үшін оттаған айуанның бірі боласың. Адамзаттың қамы үшін еңбек қылсан, алланың сүйген құлы боласың» деп отбасында баланы жастайынан еңбекке баулудың маңыздылығын жоғары қоя білген. «Ата – ана балаға сыншы». Балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырып, немен айналысып жүргендігіне жіте көніл бөлсе, мерзімдік басылымдарға жаздырып, әдеби шығармаларды окуға жасынан дағдыландырса кейін бармақ тістейтін оқиғалардың алдын алуға болар еді.

Улкенді құрметпен қадір тұту, ілтипатты қарым-қатынаста болу, сыйласа білу, ата-ананы қартайғанда қарау, кішіге қамқор болу-бұл қазақ халқы үшін жазылмаған зандар. «Улкенді сен сыйласан, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сінлі әдепті» т. б. мақалдардан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге ерекше назар аударғанын көреміз,

Сонымен, ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің ірге тасы. «Тәрбие – табалдырықтан басталады» нақылы өмірден алынған шындық. Бала тәрбиесі – нәзік те күрделі, әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. Бала – өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. Баланы тәрбиелі де, саналы азamat етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кіршіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналықтың бастапқы қарапайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ. «Біздің балалар-біздің қарттығымыз, жаман тәрбие-болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз» демекші кең байтақ елімізде ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып, ұяттылық, әдептілік, көргенділік, мейірімділік, шарапаттылық салтанат құрып үйлесімділік тауып жатса, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаятынын естен шығармауымыз керек.

САУРАН АУДАНЫ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ
ҚАРАЖОН ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

БАЯНДАМА

Тақырыбы:

**«Мектеп пен отбасы арасындағы
ынтымақтастық»**

Дайындаған: ДТІЖО Т. Үсенов

Қаражон ауылы

Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық

Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан ол адам үшін ең үлкен мәнге ие орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

Отбасы- оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одактасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Өйткені бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді.

Отбасы тәрбиесі-бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата- аналардың борышы. Оған дәлел: балалар мекемелері жөнінде халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балалардың еңбек, спорт лагерлерінің, жас натуралистер станцияларының, ғылыми- техникалық және көркемдік шығармашылық үйірмелерінің жүйесін кеңейту; аналы, балалық шақты қорғауға ерекше көніл бөлу; отбасы мүшелерінің демалуы үшін санаторийлердің, демалыс үйлерінің жүйесін кеңейту; аналар жағдайын еске алып, әйелдердің халық шаруашылығына қатысуын үйлестіру.

Отбасында басты мәселелердің бірі- баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оку- әрекеті бос уақытын ұйымдастыру жатады.

Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы.

Балалардың отбасынбағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады. Ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара үйелмендік, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешкандай да түрі алмастыра алмайды.

Отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси күндылықтар беріледі.

Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда, қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына белгілі бір қыншылықтар туғызады. Ата-аналардың білім деңгейіне байланысты да отбасында ерекшеліктер орын алады. Мысалы: ата-аналардың білімі жоғары болған сайын олардың балалары мектепте жақсы оқиды. Қазіргі ата-аналар жұмыс басты болғандықтан бала тәрбиесі көбінесе білімі төмен ата мен әжелерге жүктеледі.

Қоғамда жүріп жатқан тұрғындардың материалдық жағдайға байланысты жіқтелуі отбасы тәрбиесіне материалдық жағдайы әртүрлі ата-аналардың қарым-қатынасына әсер етеді. Отбасында балаларға отбасылық бюджеттің 25-50% жұмсалады. Материалдық кірісі мол отбасыларда педагогикалық көзсоқырлық, тойынғандық жағдайға алып барады. Тойынғандық дегеніміз- өмірге, өмірдегі мкательлік және рухани құндылықтарға деген жеккөрінішті, келекетті қатынас.

Жастайынан осындай ортада өскен балалардың арасына торығушылар, қаңғыбастар, „қызықты“ әсерді іздеушілер өсіп шығады.

Қазіргі кезде отбасының “уакталу” процесі жүруде. Ол дегеніміз- жас ата-аналардан тұратын әжесіз, атасыз отбасылар. Бұл отбасының беріктігін нығайтып, дербес ұжымды қатынастырады. Қындықтар достық пен ынтымақтастықты нығайтып, қуаныш пен қайғыны бөлісуге тәрбиелейді. Дегениен, жас отбасында алғашқы кезде тұрмыстың түзелмеуі, бала тәрбиесі сияқты қындықтар кездескенімен, олард шешу қоғамның құзырында.

Отбасы мүшелерінің келуі, туылған бала санының азаюы да отбасы дамуының ерекшелігін құрайды. Қалалық отбасында бір-екі бала ғана тәрбиеленеді. Бала туудың азаюының себептері сан алуан және өте құрделі; олар ата-аналардың жұмысбастылығын; мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілмеуі; бала тәрбиесіне шығынның көп жұмсалуы; әйел ананың шамадан тыс жұмысбастылығы; отбасының қолайсыз тұрғын үйі; тұрмыстық жағдайы; ата-аналардың “өзі үшін өмір сүруге” үмтүлған тоғышарлық үмтүлісі және т.б. Бала туудың азаюы- шағын отбасындағы тәрбие әдістерін жасау деген және педагогикалық проблеманы алуға тосады.

Қазіргі отбасы ажырасу санының едәуір артуымен сипатталады. Ажырасудың 90% тұрмыс қолайсыздығы мен дайындықсыздың салдары. Дегенмен барлық ажырасуларға жағымсыз баға беруге болмайды, өйткені кей жағдайда ажырасу баланың психикасына теріс әсер ететін ұрыс- жанжал, отбасылық кикілжінді алдын алады.

Бір балалы отбасы көпшілікпен араласу, ұжымдық қызмет тәжірибесін игеру жағынан баланы қын жағдайға қалдырады. Бұндай отбасыларда

аға, әпке сияқты тәлімгер іні, қарындаған сияқты қамқорлығына алатын бауырдың болмауы ұжымдық туыстық қатынастар аясын мүлдем тарылта түседі. Осылай жағдайда баланың қызығушылығы мен қажеттілігін қамтамасыз етуде ата-аналардың педагогикалық нормаларды сақтамаудын бастауышсынып көзінен оның бойында тоғышарлық, ұжымды жатырқаушылық қасиеттердің қалыптасқандығын аңғарамыз.

Нарық қатынастарының дамуы нәтижесінде отбасында айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, отбасы өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің міндеті – қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесі ұсынып отырған әлеуметтік мүмкіншілікті дұрыс пайдалану. Мектеп пен отбасы балаларды тауар мен ақша қатынастарының мәдениетіне үйрету жұмыстарын ойластыру қажет, сондай-ақ алып-сату пайда табу немесе пайдақорлық емес, ол жалпы игілік үшін және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құқықтық екі жақты қызмет көрсету екенін түсіндіру. Ата-ананың маңызды міндеті балаларымен біріккен коммерциялық қызмет-әрекетке қатысып, оны бақылау, оларды баланың адалдығын, адамгершілігін, ұқыптылығын дамытатын қызмет көрсетудің әртүрін орындауға үйрету. Нарық отбасы мүшелерінің алатын орнына жанама әсер етеді, олардың өміріне жаңа әлеуметтік бағдарлар еенгізеді. Қоғамдық және мемлекеттік тәрбие беделінің төмендеуі отбасы өмірінің тәрбиесіне «өзінше» қындық әкеледі.

Қаражон шағын жинақталған жалпы орта мектебі

Жалпы ата-аналар жиналышының

Хаттамасы № 3

Қаражон ауылы

Өтілген мерзімі: 15.05.2022 жылы

Уақыты: Сағ. 15.00-де

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар комиеті, участекелік инспектор, сынып жетекшілері, 1-11 сынып оқушыларының ата-аналары және пән мұғалімдері мен қамқоршылық кенес мүшелері.

Тақырыбы: «*Қылмыстың алдын алушының ата-аналар жауапкершілігі*»

Күн тәртібінде:

1. «Қылмыстың алдын алушының ата-аналар жауапкершілігі» (баяндама)
ДТІЖО Т. Усенов
2. 2021-2022 оку жылының III-IV тоқсанындағы білім сапасы. Жылдық қорытынды. ОІЖО Ж. Омарбеков
3. Сыныптан сыныпқа көшу емтихандары мен 9-11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау. ОІЖО Ж. Омарбеков
4. Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы:
 - а) «Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы» жазғы сауықтыру лагерінде демалуы туралы
 - б) жазғы кезеңде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізу.
ДТІЖО Т. Усенов
5. ҚР ҚҚ, ҚР ӘК баптарына енгізілген жаңа өзгерістермен таныстыру, түсіндіру. УПИ Д. Әшімбеков
6. Әр түрлі мәселелер

Тындалды:

Ата-аналар комитетінің төрағасы С. Жұмаханов ата-аналарды «Халықаралық отбасы күнімен» күнімен құттықтап, ата-аналар жиналышының тақырыбымен, күн тәртібімен таныстырып өтті. Кезекті баяндамаға берді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Усенов ата-аналар жиналышының мақсаты ата-аналарды мемлекеттік білім беру саясатының бағыттары, орта білім беру жүйесінің жетістіктері туралы хабардар ету және мектепті басқаруда педагогтар мен ата-аналардың күш-жігерлерін біріктіру екендігін айтЫп өтті.

«Қылмыстың алдын алушының ата-аналар жауапкершілігі» тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Усенов баяндама жасап, отбасының бала тәрбиесіндегі айрықша алатын орны, біріге отырып, жүйелі жұмыс жасап, тығыз байланыс орнатқан жағдайда ғана, қылмыстың алдын алуға, жетістікке қол жеткізуге болатындығын атап өтті.

Жастар арасындағы қылмыстың алдын-алу мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің және жастардың қылмысы туралы

мәселе құқық қорғау жүйесінің ғана емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттік ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының үнемі қадағалауын талап ететін басты мәселенің бірі.

Жасөспірім 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Сот тәжірибесі көрсеткендей, кәмелетке толмағандар көбінесе ұрлық, тонау секілді қылмыстар жасайды. Соңғы кезде аталған қылмыстар ішінде ұялы-телефондарды ұрлау жи орын алуда. Мұндай қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер құқық бұзушылардан жасы кіші, әлсіздеу, кәмелеттік жасқа толмағандар болып табылады.

Сот тәжірибесі көрсеткендей жасөспірімдер өз әрекеттерімен қауіп төндіретіндігі түсіндіреді. Жасалатын іс-әрекеттің қауіптілігі жасөспірімге «өзгенің өмірі мен мұлкіне тиіспе», дегенді бала кезінен ата-анасы немесе тәрбиленушілерінің үйретуіне байланысты. Кішкентай кезден бастап пайдалы ақыл-кеңес, дұрыс бағыт беру нәтижесінде қылмыстық әрекеттердің қауіптілігін сездіруге болады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе жөнінде оқу ісі жөніндегі орынбасар Ж. Омарбеков сөз алғып, 2021-2022 оқу жылының III-IV тоқсанындағы 1-11 сыныптар бойынша барлық пәндердің білім сапасының тоқсандық, жылдық қорытындыларымен таныстырып өтті. Сонымен бірге, Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу дің үлгілік қағидаларымен таныстыруды, 9-11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау бойынша БФ министрлігі бұйрығымен бекітілген мемлекеттік емтихандар, пәні, өту мерзімі, дайындық кестесімен де ата-аналарды хабардар етті.

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру шарапалары туралы ДТІЖО Т. Усенов баяндамасында 2021-2022 оқу жылында да мектеп жаңынан ақысыз, тамақсыз демалыс лагері ашылатынын, оған жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасы балаларынан 1-7 сынып оқушыларынан 30 бала қамтылғанын, лагерь мамырдың 27-і мен маусым айының 06-сы аралығында жұмыс жасайтындығын атап өтті. Сонымен бірге қала сыртындағы ақысыз лагерьге де қамқоршылық кеңестің келісімімен жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасы балаларынан тегін 15 жолдама берілгенін атап өтті. ата-аналарды балаларын лагерге жіберуге шақырды.

ДТІЖО Т. Усенов сонымен бірге мектеп директорының 14.05.2022 жылғы, № 41 бұйрығымен бекітілген «Мектеп ережесін» ата-аналарға таныстырып өтті және «Соңғы қоңырау» салтанатты жиынын өткізу туралы іс-шара, бұйрықпен ата-аналарды таныстыруды және мектеп директорының бұйрығына сәйкес салтанатты жиыннан кейін бітіруші сынып оқушыларының женіл автокөлікпен шеруге шығуна, сейіл құруына және көніл көтеру орындарында, кафелерде тойлауына қатаң түрде тыйым салынатындығын, аттестатты салтанатты түрде табыс етуге арналған мектеп бітіру кешін қалалық білім бөлімінің нұсқауына сәйкес күндіз, мектеп қабырғасында өткізілетіндігінен хабардар етті, ескертті.

Участекілік инспектор, полиция майоры Д. Әшімбеков сөз алғып, өз сөзінде ата-аналарды 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап КР Қылмыстық

кодексінің, ҚР Әкімшілік кодексінің баптарына өзгеріс сиғені туралы түсінік берді.

127-бап. Ата-ананың немесе басқа да занды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындауы

1. Ата-ананың немесе басқа да занды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі міндеттерді орындауы – жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

442-бап. Кәмелетке толмағандардың тұнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуы

1. Кәмелетке толмағандардың тұнгі уақытта занды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы – занды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – занды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

443-бап. Кәмелетке толмағандардың занды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде болуы

1. Кәмелетке толмағандардың занды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы – занды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – занды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі

140-бап. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындау

1. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол текстстерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына не оның қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылыш немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасауына әкеп соққан, дәлелсіз себептермен орындауы немесе тиісінше орындауы – екі жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жұз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-

анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің кәмелетке толмаған адамға қатыгездік танытуымен ұласқан орындауы немесе тиісінше орындауы – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жұз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланды.

Жарыссызге ата-аналар комитеті мүшелері Т. Темірханова, О. Жұмаханов, Т. Төлбасиев, ата-аналар Ж. Нұрбекова, М. Төлеубековалар шығып, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз ой-пікірлерін орта салды, отбасы мен мектеп әрқашан тығыз байланыста болу керектігін ұсынды.

Жиналыс қаулы етеді:

- Жинальғы Қаулы**

 1. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Т. Усеновтің, оку ісі жөніндегі орынбасар Ж. Омарбеков, Участкелік инспектор, полиция майоры Д. Эшімбековтердің оқыған баяндамалары «қанағаттанарлық» деп бағалансын және отбасы мен мектеп арасында өзара тығыз байланыста жұмыстар жүргізілсін.
 2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру, сауықтырылуын қамтамыз ету өз деңгейінде жүргізілсін және сынып жетекшілері жазғы кезенде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізіліп, қауіпсіздік ережелері таныстырылсын.
 3. Аттестатты салтанатты түрде табыс етуге арналған рәсім, мектеп бітіру кеші күндіз, мектеп қабырғасында өткізілсін, қауіпсіздік ережелері сакталынсын.
 4. «Сонғы қоңырау» салтанатты жиыны өз деңгейінде өткізілсін және салтанатты жиыннан кейін бітіруші сынып оқушыларының жеңіл автокөлікпен шеруге шығуына, сейіл күруына және көніл көтеру орындарында, кафелерде тойлауына тыйым салынсын және қадағалау, алдын алу мақсатында кезекшілік кестесі жасалынсын
 5. КР ҚК, КР ӘК баптарына енгізілген жаңа өзгерістер туралы мектеп оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілсін Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алуға арналған жұмыстар жүйелі жүргізіліп, мектеп пен ата-ана, участкелік инспектор, тәртіп сақшылары тарапынан қадағалансын.

Жинальс Төрабасы *Сагадаев С. Жұмаханов*

Мектеп директоры
Салтанат С. Шокаманов



Ж. Талдыбаева

САУРАН АУДАНЫ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ
ҚАРАЖОН ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК МЕКЕМЕСІ

БАЯНДАМА

Тақырыбы:

**«Қылмыстың алдын алушағы ата-
аналар жауапкершілігі»**

Қаражон ауылы

«Қылмыстың алдын алудағы ата- аналар жауапкершілігі»

Жастар арасындағы қылмыстың алдын-алу мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің және жастардың қылмысы туралы мәселе құқық қорғау жүйесінің ғана емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттік ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының үнемі қадағалауын талап ететін басты мәселенің бірі. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс қашан да ұлттық тұтастығымызға, ел болашағына қауіп төндірері сөзсіз. Жаңадан өркендереп келе жатқан ұрпақтың қылмыстың буралаң жолдарын таңдауы - дәуір қасіреті. Сотталған жасөспірімдердің көбеюі - қоғам өмірінің келеңсіз жақтарын, халықтың әлеуметтік ахуалының төмен екенін байқатады. Қоғамда неғұрлым дені сау, еңбекке жарамды азаматтар көбейген сайын мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы а жедел дами бастайды. Бүгінде түрмеде отырған азаматтардың 70% пайызы жас адамдар. Сотталушылар қатарында кәмелеттік жасқа толмағандардың көбеюі біздің қоғамды алаңдатпауы мүмкін емес. Қылмыстық жауапкершілікке қылмысты жасау кезінде жасы 16-ға толған азаматтардың тартылатындығы белгілі. Алайда, адам өлтіргені, қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, ауырлататын мән-жайларда денсаулыққа қасақана орташа ауырлықта зиян келтіру, зорлау, жыныстық сипаттағы зорлық әрекеттері, адамды ұрлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу, ауырлататын мән-жайларда көлікті айдал кету, терроризм, адамдарды кепілге алу, қаруды ұрлау немесе қорқытып алу, оқ-дәрі, жарылғыш заттар мен басқа да құрылғылар, ауырлатылған мән-жайларда бұзақылық, тағылық, есірткі заттар мен психотроптық заттарды ұрлау немесе қорқытып алу ауырлататын мән-жайларда мәйітті немесе олардың көмілген жерлерін қорлау, көлік құралын немесе темір жолдарын қасақана жарамсыздық жағдайға келтірген үшін тұлғалар 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Сот тәжірибесі көрсеткендей, кәмелетке толмағандар көбінесе ұрлық, тонау секілді қылмыстар жасайды. Соңғы кезде аталған қылмыстар ішінде ұялы-телефондарды ұрлау жиі орын алуша. Мұндай қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер құқық бұзушылардан жасы кіші, әлсіздеу, кәмелеттік жасқа толмағандар болып табылады.

Сот тәжірибесі көрсеткендей жасөспірімдер өз әрекеттерімен қауіп төндіретіндігі түсіндіреді. Жасалатын іс-әрекеттің қауіптілігі жасөспірімге

«өзгенің өмірі мен мұлкіне тиіспе», дегенді бала кезінен ата-анасы немесе тәрбиеленушілерінің үйретуіне байланысты. Кішкентай кезден бастап пайдалы ақыл-кеңес, дұрыс бағыт беру нәтижесінде қылмыстық әрекеттердің қауіптілігін сездіруге болады. Кәмелеттік жасқа толмағандардың істерін қарау барысында, олардың жеке басы, тәрбиелену мен өмір сұру жағдайлары қылмысты жасау себептері, қылмысты жасауға себеп болған жағдайлары, оған деген ересектердің әсері - мұның бәрі тәрбиелеу бағытындағы шара қолдану мен жаза тағайындауда ескеріледі. Көп жағдайда ата-аналардың жасөспірімге дұрыс тәрбие бермеуі мен қылмыстық әрекеттерге бармауы туралы ескертуінің кемшілігі - құқық бұзушылық себебі болады.

Қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы. Алдын алу жұмысының нәтижелі алғаш жасалған теріс қадамның дер кезінде анықталуынан ғана емес, сонымен бірге кәмелетке толмағандардың жеке тұлғалық әрекшеліктерін ескеруге де байланысты. Мектеп жасындағы балалардың құқықтық сапасының төмендігі олардың қылмысты көп жасауына, заң талаптарына өз талаптарын қарсы қоюына әкеліп соғады. Сондықтан оқушылар қылмысының алдын алып, құқықтық тәрбие беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Құқықтық тәрбие - кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насиҳаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Жастарды заңның негізгі принциптерін біліп қана қоймай оны менгере білуғе де үйрету қажет.

ҚР ҚҚ, ҚР ӘК баптарына енгізілген жаңа өзгерістер.

127-бап .Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындауы

1. Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі міндеттерді орындауы – жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

442-бап. Кәмелетке толмағандардың тұнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуы

1. Кәмелетке толмағандардың тұнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы – заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде

айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – занды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

443-бап. Кәмелетке толмағандардың занды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде болуы

1. Кәмелетке толмағандардың занды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы – занды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – занды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі

140-бап. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындау

1. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тексттерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысына не оның қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасауына әкеп соққан, дәлелсіз себептермен орындауы немесе тиісінше орындауы –екі жұйайлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жұз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің кәмелетке толмаған адамға қатыгездік танытуымен ұласқан орындауы немесе тиісінше орындауы –белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан

Уш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жүз айлық
есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде
түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық
жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға
жазаланады.

САУРАН АУДАНЫ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ
ҚАРАЖОН САУРАН АУДАНЫ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ
ҚАРАЖОН ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

БАЯНДАМА

Тақырыбы:

**«Салауатты ұрпақ – біздің
болашағымыз»**

Каражон ауылы

«Салауатты ұрпак - біздің болашағымыз»

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндепті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сұру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр.

Салауаттылық - ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау, тіпті қарапайым түрде айтсақ адамның киім киісі, тамақты қалыптен ішуі де кіретін игі іс-әрекет. Өмір зандылығы салауатсыздықты кешірмейді, оғаш қылыштар түбінде опық жегізеді.

Жасөспірімдердің салауаттылық өмірге ұмтылысы, зиянды әдептердің жек көрушілігі олардың өзге адамдармен қарым-қатынасына яғни әлеуметтік ортаға тығыз байланысты. Ұрпақты өмір зандылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу мектеп жүйесі жүктеген маңызды да жауапкершілігі мол міндет болып табылады.

Мағжан Жұмабаев бір сөзінде: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі...» – депті. Осы ой бүгінгі күні өзекті мәселе болып тұр. Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сұруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі әсіреле, мектептен тыс уақыттағы сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың мән-мағынасы өте зор болып келеді.

Жастар денсаулығының нашарлауы, олардың ағзаларының ауруға қарсы тұру қабілетінің әлсіздігі, азып-тозуы, тез шаршағыштығы, өмірінің қыска болуы – осы жайттардың айқын көрінісі. Бұл мәселелердің барлығы жастар арасында тәрбие жұмыстарының жұтандығының салдары екендігі даусыз.

Салауатты өмір салты - адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты күнды форма. Ол адам мәдениетінің бір бөлігі. Ал денсаулық адам бақытының негізгі бөлігі. Қоғамның болашағы әрбір адам денсаулығына байланысты. Денсаулыққа тек дененің сыртқы бүтіндігі ғана деп қарау ағаттық, жалпы алғанда оны организмнің жан-жакты дамуымен бүкіл қызметтердің жүзеге дұрыс асырылуы деп ұққан жөн.

Бала тәрбиесі алдымен отбасынан басталады деп есептеймін, оған қоса біз

балаға рухани тәрбие және стихиялық тәрбие береміз. Отбасы тәрбиесі ол ата-анасы, туыстары, отбасындағы дәстүрлер. Рухани тәрбие – ол балабақшадан басталады, мектеп, ақпараттық құралдар. Стихиялық тәрбие - адамдармен қарым-қатынасы, қоршаған орта, жұмыс орны.

Әмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насиҳаттауда, салауатты өмір сұру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелен ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сұру мәдениетін қалыптастыру бұл:

- Біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

- Екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру;

Олардың мінез – құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне - өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени – гигиеналық мінез – құлық дағыларын қалыптастыру болып табылады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек?

Әмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;

- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың мазмұны мен ұйымдастыру формалары мынағы көздейді:

- Жауапкершілік, өз деңсаулығына жауапкершілікпен қарау;
- Табиғи сезімталдық, оқушылардың жас ерекшелігін ескеру;
- Ғылымилық, тек тексерілген ғылыми дәлелденген деректерге ғана сүйену;
- Экологияландыру, адам организміне қоршаған орта факторларының әсерін білу;
- Ұлттық аймақтық ерекшеліктерді ескеру, салауатты өмір салты туралы ұлттық салт-дәстүрлерімен танысып оны ұстана білу;
- Үздіксіз оқыту, салауатты өмір салты дағдыларын үздіксіз қалыптастырып үнемі пайдалану;
- Әлеуметтендіру, салауатты өмір салтын ұстанған қоғам мүшесін дайындау.

Осы ұстанымдарды негіздел жасөспірімдерді салауатты өмірге тәрбиелеу барысында мұғалімнің орны ерекше болуы тиіс. Мұғалім мектептегі басты тұлға. Қай мектептің болсын нәтижелі, жемісті жұмыс істеуі түптеп келгенде сол мектепте еңбек ететін әр мұғалімнің өз міндетіне, көзқарасына тікелей байланысты. Әрбір сыныпта ұстаз алдында отырған шәкірттері де сол болашаққа барад жол ұстіндегі талапкерлер.

Қазақстан Республикасының «Білім заңында» мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, адамзаттыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ой, танымдық шығармашылық қабілетін анықтау басты міндет екендігі айтылған. Осы міндеттердің жауапкершілігі негізінен мектептегі сынып жетекшісіне жүктеледі. Сондықтан оқушы бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, танымдық сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша күруды көздейді.